Әділет

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 541 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қаңтарда № 3730 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 454 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 30.12.2014 № 454 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Сағыровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| Аудан әкімі | С.Шаңғұтов |

| | |
|---|---|
| | Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 541 қаулысына № 1 қосымша |

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 01.08.2014 № 245 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Аудан атауы | Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылатын балалар (саны) |
|---|---|---|
| 1 | Мұғалжар ауданы | 595 |
| | Барлығы | 595 |

| | |
|---|---|
| | Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 541 қаулысына<br>№ 2 қосымша |

# Айына жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық әкімдігінің 01.08.2014 № 245 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдар | | | | | |
| | Балабақшалар(бөбекжайлар, орталықтар) | | | | | |
| | Сұйық отынмен жылытылатын жылу жүйесі | | Қатты отынмен жылытылатын жылу жүйесі | | Электрқуатымен, көгілдір отынмен және орталықтандырылған жылу жүйесімен жылытылатын | |
| | Қалалық жерлерде | Ауылдық жерлерде | Қалалық жерлерде | Ауылдық жерлерде | Қалалық жерлерде | Ауылдық жерлерде |
| | | | | 30800 | 23885 | 29420 |
| | Экологиялық апат аумақтарында тұрғаны үшін 1,2 коэффициентін есепке алғанда | | | | | |
| | | 34166 | | 33951 | 29620 | 30662 |

| | |
|---|---|
| | Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 541 қаулысына<br>№ 3 қосымша |

# Ата-ананың бір тәрбиеленушіге күніне ақы төлеу мөлшері

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдар | | |
| | Балабақша ( бөбекжайлар, орталықтар) | | Балалар толық күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар |
| | Ұйымдарда болу ұзақтылығы | | |
| | 9-10, 5 сағат | 12 сағат | |
| | Қалалық жерлерде | | |
| | 400 | 400 | 400 |
| | Ауылдық жерлерде | | |
| | 300 | 300 | 300 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК